

ТРАЕКТОРИЯЛАР:

А) Киім дизайны

В) Сәндік – қолданбалы өнер

2. БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛІНІҢ ТАҢДАУ КОМПОНЕНТТЕРІ

Таңдау компоненті 1

Пән: Үй мәдениеті және тағам даярлау технологиясы

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: **ТАР 101/1**

Модуль атауы: Көркемдеп өңдеу технологиясы

Пререквизиттері: Көркем еңбек (мектеп бағдарламасы)

Мақсаты: студенттерді өндірістік іс-әрекетке дайындау, қазіргі заманғы тамақ дайындау технологиясы мен үй мәдениеті бойынша кәсіби білім, білік және дағдыларды қалыптастыру

Қысқаша сипаттамасы: Пәннің мақсаты-қажетті практикалық дағдылар мен үйдің ішкі көрінісін, көркем безендіру, сәндік гүл өсіру, ландшафтық дизайн, киімді күту және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын гигиеналық талаптармен жұмыс істеу тәсілдерін, тағамдарды дайындаудағы практикалық дағдылар, дұрыс тамақтану негіздері, әлем халықтарының тағамдарын жасап үйрету. Студенттер шығармашылық жұмыстарының нәтижелерін көрсетуде (презентация) пікір алмасу, талдау, және сыни тұрғыдан бағалау барысында сөйлеу дағдылары, пәнге қызығушылықтарын арттыруға ықпал етеді, сонымен қатар басқалардың жұмыстарын түсіндіру, нәтижелерін сауатты бағалау, іскерліктерін жүзеге асыру, әдіс-тәсілдерінің даму процесінен теориялық білімдерін түсіндіре алады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 6–Тоқыма материалдарының фурнитуралары мен қасиеттерін, талшықтардың құрамын, астар материалдарын, станоктық жабдық элементтері мен құралдарын жұмыс процесінде, қауіпсіздік ережелерін, сондай-ақ қоршаған ортаны сақтай отырып, тұрмыстық техника туралы практикалық білім мен дағдыларды игеріп пайдаланады;

БОН 7–Кәсіби білім берудің әртүрлі деңгейлік жаңартылған бағдарламалары бойынша білім алушылардың жетістіктерін диагностикалау мен бағалаудың, қызметті ұйымдастырудың қазіргі заманғы әдістері мен технологияларын қолдану дағдыларды меңгерген;

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - Интерьердегі / экстерьердегі ландшафт элементтері, шығармашылық идеяны (эскизді) визуализациялау, креативті идеяны жүзеге асыру, мерекеге арналған интерьерді безендіру, креативті идеяны (эскизді) бейнелеу, креативті идеяны жүзеге асыру.

ПОН 2 - Өсімдік өсірудегі ғылымның рөлі, өсімдіктердің медицинадағы, шөп медицинасы мен косметологиядағы маңызы, өсімдіктер сән және интерьер дизайны элементі ретінде; декоративті гүлдердің түрлері, гүл өсірудегі көктемгі жұмыстар;

ПОН 3 - Зертханада жұмыс істеу кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері; тұрмыстық техниканы таңдау, тұрмыстық техниканы пайдалану ережесі;

ПОН 4 - Гигиена ережелері, бөлмені ылғалды және құрғақ тазалау жұмысы, киім (аяқ киім) күтімі мен оларды сақтау;

ПОН 5 - Шикізаттың әр түріне арналған кулинарлық өңдеу әдістері; аспаздық өнімдердің сапасына қойылатын талаптар.

ПОН 6 – Салауатты өмір салтын қалыптастыру және еңбекті қорғауды сақтауға қабілеті.

Постреквизиттері: Арнайы сурет және композиция

Таңдау компоненті 2

Пән: Тұрмыс және сервис мәдениеті мен технологиялары

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: **ТАР 101/2**

Модуль атауы: Көркемдеп өңдеу технологиясы

Пререквизиттері: Көркем еңбек (мектеп бағдарламасы)

Мақсаты: Курс үй шаруашылығы: үй және интерьер дизайны, жоспарлау және бюджеттеу, тамақ дайындау, ұйымдастырушылық қабілеттер, бизнес жоспар құру туралы білімді қалыптастыру

Қысқаша сипаттамасы: Пән қызмет көрсету мәдени құбылыс ретінде адамның күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыратын материалдық, эстетикалық, этикалық құндылықтар жүйесі мен мәдени тәжірибенің әртүрлі аспектілерімен - халықтың өмірі мен шаруашылығымен, мемлекеттік-саяси құрылыс тәжірибесімен, әлеуметтік топтармен, тәрбиені тығыз байланысты, бақыланатын қызмет көрсету мәдениетіне қойылатын бірыңғай талаптар кешені болып табылады. Студенттер жөндеу жұмыстарының технологиясы: тұсқағаз, сылақ, сырлау, қаптау, қалалық және ауылдық үйлерді жылумен энергиямен жабдықтау, шкафты және жұмсақ жиһазды жөндеп үйренеді.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 6 - Тоқыма материалдарының фурнитуралары мен қасиеттерін, талшықтардың құрамын, астар материалдарын, станоктық жабдық элементтері мен құралдарын жұмыс процесінде, қауіпсіздік ережелерін, сондай-ақ қоршаған ортаны сақтай отырып, тұрмыстық техника туралы практикалық білім мен дағдыларды игеріп пайдаланады.

БОН 7 - Кәсіби білім берудің әртүрлі деңгейлік жаңартылған бағдарламалары бойынша білім алушылардың жетістіктерін диагностикалау мен бағалаудың, қызметті ұйымдастырудың қазіргі заманғы әдістері мен технологияларын қолдану дағдыларды меңгерген;

БОН 11 - Кәсіпкерлік бизнес-идеяларды пайдалана отырып, нормативтік-құқықтық базаны, экономикалық және құқықтық білімді, салық жүйесін біле отырып және нарық құрылымы мен кәсіпорын бөлімшелерін талдау әдістерін пайдалана отырып, кәсіптік және өзге де міндеттерді шешу кезінде стартап-жобаларды әзірлейді және іске асырады.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – Кәсіпкерліктің негізгі анықтамалары, функциялары мен міндеттері, шағын кәсіпкерлік саласындағы мақсатты құқықтық актілерді жетілдіру;

ПОН 2 – Шағын және орта бизнестің кәсіпкерлік қызметін модельдеу және түзету үшін іскерлік ортаның мәні;

ПОН 3 – Жоғары сапалы өніммен қамтамасыз етуді ескере отырып, кәсіпорынның қажетті ассортиментте жұмысын қамтамасыз ететін технологиялық операциялардың кезектілігі;

ПОН 4 – Қоғамдық тамақтану өнімдерін өндіру технологиясының негіздері, олардың өсімдік шикізаты өнімдерін өндірудің технологиялық процестері;

ПОН 5 – Гигиеналық ережелер, үй-жайларды дымқыл және химиялық тазалау, киімдерді (аяқ киімдерді) күту және сақтау, сәндік гүлдердің түрлері, гүл өсіру кеңсесінде көктемгі жұмыстар.

Постреквизиттері: Арнайы сурет және композиция

Таңдау компоненті 3

Пән: Визуалды өнер

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: ТАР 202/1

Модуль атауы: Көркемдеп өңдеу технологиясы

Пререквизиттері: Көркем еңбек (мектеп бағдарламасы)

Мақсаты: визуалды өнері, тарихы және стильдер мен бағыттар туралы білімді кеңейту.

Қысқаша сипаттамасы: Студенттерге композицияның негізгі элементтері туралы түсінік беріліп, әлеуметтік желілік байланыстарды білімді тәжірибеде қолдануға үйретеді, әр түрлі техникалармен және материалдармен таныстырылып ой мен қиялды дамытып, көру жадын, ассоциативті және бейнелі ойлауды дамытады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 8 - Кәсіби білім берудің әртүрлі деңгейлік жаңартылған бағдарламалары бойынша білім алушылардың жетістіктерін диагностикалау мен бағалаудың, қызметті ұйымдастырудың қазіргі заманғы әдістері мен технологияларын қолдану дағдыларды меңгерген.

БОН 9 - Тігін бұйымдарының құрастыру технологиясы негізінде жасалған материалдарды және сәндік бұйымдар мен шығармашылық туындыларды жасау үдерісінде визуалды өнерінің теориялық және практикалық білімін қолдана отырып, креативті ойлау дағдыларын қалыптастырады.

БОН 10 - Инновациялық технологияларды, функционалдық және заманауи материалдарды пайдалана отырып, көркемдік мақсаттар үшін объектілерді жобалайды.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - Әлемдік деңгейдегі және Қазақстанның көрнекті суретшілерінің материалдық мәдениеттің дамуы мен пайда болуының негізгі тарихи фактілері;

ПОН 2 - Халықтық көркем өнер ұғымдары, ою-өрнек өнерінің теориясы мен тарихы;

ПОН 3 – Визуалды өнердің даму тарихы және өзіне тән ерекшеліктері саласындағы білім;

ПОН 4 - Әр түрлі халықтардың өнеріндегі жалпы тенденцияларды бөліп көрсету;

ПОН 5 - Өнер туындыларын талдау, мазмұны мен көркемдік құралдарын түсіну;

ПОН 6 - Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрларын түсіну.

Постреквизиттері: Арнайы сурет және композиция

Таңдау компоненті 4

Пән: Өнер және костюм тарихы

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: ТАР 202/2

Модуль атауы: Көркемдеп өңдеу технологиясы

Пререквизиттері: Көркем еңбек (мектеп бағдарламасы)

Мақсаты: өнер және костюм тарихын, оның мәні мен ерекшеліктерін, түрлерін, жанрларын, орны мен рөлін, тенденциялары мен тарихи эволюция мәселелерін тұтас ұсыну.

Қысқаша сипаттамасы: Пәннің мақсаты өнер мен костюм тарихының дамуының негізгі кезеңдерімен, әлемдік мәдениет құндылықтарын игеру барысында отандық және шетелдік өнер және дизайнерлерлік шығармашылық туындыларымен танысуға, мәдениеттегі көркем шығармашылықтың шыңдары, олардың өзіне тән ерекшеліктерін

ажыратуға бағытталған. Студенттер әр ұлттың костюм тарихын ажырата біледі, жобаланған объектілерінің көркемдік экспрессивтілігін іздеуде пропорция сезімін түсіне алады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 5 - Әр түрлі материалдарды көркемдеп өңдеу кезінде киімнің негіздерін және технологиялық операцияларды жобалау, модельдеуде АКТ пайдалану кезінде дизайнерлік дағдыларды қолданады;

БОН 6 – Тоқыма материалдарының фурнитуралары мен қасиеттерін, талшықтардың құрамын, астар материалдарын, станоктық жабдық элементтері мен құралдарын жұмыс процесінде, қауіпсіздік ережелерін, сондай-ақ қоршаған ортаны сақтай отырып, тұрмыстық техника туралы практикалық білім мен дағдыларды игеріп пайдаланады;

БОН 8 – Тігін бұйымдарының құрастыру технологиясы негізінде жасалған материалдарды және сәндік бұйымдар мен шығармашылық туындыларды жасау үдерісінде визуалды өнерінің теориялық және практикалық білімін қолдана отырып, креативті ойлау дағдыларын қалыптастырады;

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - Теориялық материалды жүйелеу және жалпылау,

ПОН 2 – Өнер және костюм туындыларын дәуірлер, елдер, стильдер, бағыттар бойынша ажырату;

ПОН 3 - Дамудың негізгі тарихи кезеңдері және өнер заңдылықтары;

ПОН 4 - Ақпаратты жинау, өңдеу және талдаудың жаңа технологияларын қолдана отырып, әртүрлі зерттеу әдістерін қолдана отырып, мәдениет пен өнер мәселелеріне қатысты жалпы және жеке мәселелерді талдау;

ПОН 5 - Әр түрлі тарихи дәуірлердің көркемдік стильдеріне тән белгілер;

ПОН 6 - Танымал суретшілердің, мүсіншілердің, сәулетшілердің жұмысы, негізгі категориялар мен ұғымдар.

Постреквизиттері: Сәндік-қолданбалы өнердегі ою-өрнек композициясы және дизайн негіздері

Таңдау компоненті 5

Пән: Киімді көркем құрастыру және модельдеу

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: ST 203/1

Модуль атауы: Тігін бұйымдарының технологиясы

Пререквизиттері: Тігін бұйымдарының технологиясы

Мақсаты: киімді заманауи құрастыру мен модельдеудің принциптері мен әдістері туралы білім алу, жобалау кезінде техникалық есептеулерді, есептеу және графикалық жұмыстарды орындау әдістері мен құралдарын игеру.

Қысқаша сипаттамасы: Тігін бұйымдарының көркем-конструкторлық және модельдеу жобаларын әзірлеудің негізгі заңдылықтары; базалық конструкциялау негізінде үлгілерді әзірлеу әдістері, киімдерді үлгілеу, лекалоларды дайындау және градациялау, пішудің ерекшеліктері, өлшеулерді жүргізу тәртібі және бұйымды отырғызу ақауларын жою, пішудің ерекшеліктері туралы мәліметтер келтірілген.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 5 - Әр түрлі материалдарды көркемдеп өңдеу кезінде киімнің негіздерін және технологиялық операцияларды жобалау, модельдеуде АКТ пайдалану кезінде дизайнерлік дағдыларды қолданады.

БОН 6 – Тоқыма материалдарының фурнитуралары мен қасиеттерін, талшықтардың құрамын, астар материалдарын, станоктық жабдық элементтері мен құралдарын жұмыс процесінде, қауіпсіздік ережелерін, сондай-ақ қоршаған ортаны сақтай отырып, тұрмыстық техника туралы практикалық білім мен дағдыларды игеріп пайдаланады;

БОН 8- Тігін бұйымдарының құрастыру технологиясы негізінде жасалған материалдарды және сәндік бұйымдар мен шығармашылық туындыларды жасау үдерісінде визуалды өнерінің теориялық және практикалық білімін қолдана отырып, креативті ойлау дағдыларын қалыптастырады.

БОН 10 - Инновациялық технологияларды, функционалдық және заманауи материалдарды пайдалана отырып, көркемдік мақсаттар үшін объектілерді жобалайды.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – Киімді құрастыру және үлгілеу әдістері мен тәсілдерін біледі;

ПОН 2 – Қазіргі заманғы киім формалары, олардың құрылымдық және сәндік шешімі;

ПОН 3 – Материалдар мен пішім шығысын ұтымды нормалауды ұйымдастыру;

ПОН 4 – Бұйымның негізгі ақаулары, олардың пайда болу себептері, жою шаралары

Постреквизиттері: Киім дизайнындағы компьютерлік графика

Таңдау компоненті 6

Пән: Дизайн негіздері

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: ST 203/2

Модуль атауы: Тігін бұйымдарының технологиясы

Пререквизиттері: Тігін бұйымдарының технологиясы

Мақсаты: әр түрлі костюмдерді жобалау және құрастыру үшін арнайы білім мен дағдыларды игеру

Қысқаша сипаттамасы: Әртүрлі шығармашылық түпнұсқалар көмегімен көркем дизайн, дизайн объектілерін құру принциптерін, жобалау объектілерін жоспарлау. Дизайн бағыттары: өндірістік, графикалық, арт-дизайн, фитодизайн, интерьер, киім дизайны және т.б. Дизайн объектілерінің негізгі категориялары: образ, функция, морфология, техникалық форма, эстетикалық құндылық. Заманауи дизайн жүйесі. Дизайндағы экология проблемалары

мен дизайнның рухани және материалдық мәдениеттегі орнын ажырата білу. Пәннің мақсаты әртүрлі шығармашылық түпнұсқалар көмегімен көркем дизайн, дизайн объектілерін құру принциптерін, жобалау объектілерін жоспарлауға бағытталған. Студенттер дизайн бағыттары: өндірістік, графикалық, арт-дизайн, фитодизайн, интерьер, киім дизайны және т.б., дизайн объектілерінің негізгі категориялары: образ, функция, морфология, техникалық форма, эстетикалық құндылық, заманауи дизайн жүйесі, дизайндағы экология проблемалары мен дизайнның рухани және материалдық мәдениеттегі орнын туралы білімін қалыптастырады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 5 - Әр түрлі материалдарды көркемдеп өңдеу кезінде киімнің негіздерін және технологиялық операцияларды жобалау, модельдеуде АКТ пайдалану кезінде дизайнерлік дағдыларды қолданады.

БОН 6 - Тоқыма материалдарының фурнитуралары мен қасиеттерін, талшықтардың құрамын, астар материалдарын, станоктық жабдық элементтері мен құралдарын жұмыс процесінде, қауіпсіздік ережелерін, сондай-ақ қоршаған ортаны сақтай отырып, тұрмыстық техника туралы практикалық білім мен дағдыларды игеріп пайдаланады;

БОН 10 – Инновациялық технологияларды, функционалдық және заманауи материалдарды пайдалана отырып, көркемдік мақсаттар үшін объектілерді жобалайды.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – Бұйымдарды дайындаудың технологиялық кезектілігін жасау;

ПОН 2 – Өнім моделін, материалды, өңдеу әдістері мен жабдықтарын таңдау;

ПОН 3 – Эскиздер мен көлемді өнімнің әртүрлі формаларын орындау;

ПОН 4 – Бұйымдардың лекало-бөлшектерінің құрылысын орындау;

ПОН 5 – Бірыңғай бөлшектер мен тораптарды, стандартты конструкцияларды қолдану және заманауи модельдерді әзірлеу.

Постреквизиттері: Жеңіл өнеркәсіптегі ақпараттық технология

Таңдау компоненті 7

Пән: Киім дизайнындағы компьютерлік графика

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: **ST 308/1**

Модуль атауы: Тігін бұйымдарының технологиясы

Пререквизиттері: Киімді көркем құрастыру және модельдеу

Мақсаты: әр түрлі графикалық, практикалық және зертханалық жұмыстарды орындау кезінде компьютерлік бағдарламаларды қолдана отырып, заманауи бағдарламалық өнімдерді және жұмыс дағдыларын игеру.

Қысқаша сипаттамасы: Екі өлшемді және үш өлшемді бейнелерді, векторлық және растрлық бейнелерді құру әдістерін меңгеру. Екі өлшемді және үш өлшемді бейнелерді құру әдістері. Полиграфияға арналған компьютерлік графика. Сурет салуға арналған компьютерлік графика (2D), презентацияға арналған бағдарламалар, екі өлшемді анимация, Модельдеу (2D және 3D). Киімдегі стильдер мен оның әшекейлерінің нұсқалары туралы түсінік қалыптастыру. Оқылатын курс аясында көркем бұйымдар жасау бойынша теориялық білім мен практикалық іскерлікті қалыптастыру. Өнер туындыларын көркем-эстетикалық дамыту, құндылық-мағыналық қабылдау және түсіну

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 4 - Педагогикалық менеджмент принциптерін, құрылымын, моделін талдай отырып, кәсіби оқыту жүйесінің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, технологияларын компьютерде жұмыс жасаудың дағдыларын меңгерген.

БОН 10 - Кәсіпкерлік саласында тігін бұйымдары технологиясы, сәндік-қолданбалы өнер, компьютерлік графика және басқа да автоматтандырылған бағдарламалар дағдыларын меңгере отырып, кәсіби білімдерін практикада талдайды.

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – Графикалық және жобалық жұмыстарды орындау үшін заманауи бағдарламалық құралдарды біледі;

ПОН 2 – Заманауи графикалық бағдарламаларды пайдалана отырып, жұмыстың негізгі тәсілдері;

ПОН 3 – Композиция негіздері, графикалық дизайнды құру ережелері;

ПОН 4 – Компьютерлік графиканы өңдеу және редакциялау құралдары мен әдістері;

ПОН 5 – Графикалық дизайнды дамыту бағыттары;

ПОН 6 – Графикалық файлдарды құрудың және редакциялаудың негізгі әдістері мен құралдары.

Постреквизиттері: Киім жобалаудағы ою-өрнек композиция және дизайн негіздері

Таңдау компоненті 8

Пән: Жеңіл өнеркәсіптегі ақпараттық технология

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: **ST 308/1**

Модуль атауы: Тігін бұйымдарының технологиясы

Пререквизиттері: Машинатану негіздері және салалар бойынша материалтану

Мақсаты: технологиялық үдерістердің бұйымдары мен жабдықтау құралдарын құрастыру кезінде компьютерлік графика құралдарын практикалық қолдану дағдыларын меңгеру.

Қысқаша сипаттамасы: Пәнді игерудің мақсаты, жеңіл өнеркәсіпті дамытудың барлық бағыттарында инновациялық технологияларды ілгерілету және енгізу саласында білім, білік және дағды жүйесін қалыптастыру болып

табылады. Пәнді меңгеру нәтижесінде студенттер ғылым мен техниканың жаңа жетістіктеріне негізделген инновациялық технологиялардың мүмкіндіктері мен артықшылықтарын кеңінен қолдануға мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттерге ие болады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 4 – Педагогикалық менеджмент принциптерін, құрылымын, моделін талдайды, еңбек технологиясы мен кәсіпкерлік жүйесінің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, технологияларын компьютерде жұмыс жасаудың дағдыларын танытады.

БОН 5 – Әр түрлі материалдарды көркемдеп өңдеу кезінде киімнің негіздерін және технологиялық операцияларды жобалау, модельдеуде АКТ пайдалану кезінде дизайнерлік дағдыларды қолданады;

БОН 7 - Кәсіпкерлік саласында тігін бұйымдары технологиясы, сәндік-қолданбалы өнер, компьютерлік графика және басқа да автоматтандырылған бағдарламалар дағдыларын меңгере отырып, кәсіби білімдерін практикада талдайды.

БОН 10- Инновациялық технологияларды, функционалдық және заманауи материалдарды пайдалана отырып, көркемдік мақсаттар үшін объектілерді жобалайды;

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – Компьютерлік графиканың түрлері; оларды қолдану саласы;

ПОН 2 – Компьютерлік графиканың бағдарламалық құралдарының негізгі мүмкіндіктері мен ерекшеліктері;

ПОН 3 – 2D-3D графикасымен жұмыс істеуге арналған бағдарламалардың негізгі параметрлері;

ПОН 4 – Кез келген күрделілік деңгейіндегі объектілердің үш өлшемді компьютерлік модельдерін әзірлеу;

ПОН 5 – Шығармашылық есептің көркемдік құралдарын, жаңа бейнелі-пластикалық шешімдерін табу;

ПОН 6 – Дизайн өнімдеріне техникалық тапсырманы әзірлеу.

Постреквизиттері: Дизайндағы сәнді аксессуарлар

Таңдау компоненті 9

Пән: Кілем тоқу технологиясының негіздері

Еңбек сыйымдылығы: 7 академиялық кредит

Модуль коды: **ТАР 308/1**

Модуль атауы: Көркемдеп өңдеу технологиясы

Пререквизиттері: Арнайы сурет және композиция

Мақсаты: кілем тоқу технологиясы және көркемдік білім беру саласында сапалы білімі бар маман даярлау.

Қысқаша сипаттамасы: Курс кілем тоқу тарихымен, құрамымен және түсімен, кілем үлгісін құру принциптерімен, тоқу машинасын толтыру әдістерімен, эскиздерді орындаумен, тоқу машинасын жұмысқа дайындаумен және жақтаумен, материалдарды таңдаумен, матаны және бұйымды жасау үшін әрлеумен таныстырады.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 6 - Тоқыма материалдарының фурнитуралары мен қасиеттерін, талшықтардың құрамын, астар материалдарын, станоктық жабдық элементтері мен құралдарын жұмыс процесінде, қауіпсіздік ережелерін, сондай-ақ қоршаған ортаны сақтай отырып, тұрмыстық техника туралы практикалық білім мен дағдыларды игеріп пайдаланады.

БОН 9 – Кәсіпкерлік саласында тігін бұйымдары технологиясы, сәндік-қолданбалы өнер, компьютерлік графика және басқа да автоматтандырылған бағдарламалар дағдыларын меңгере отырып, кәсіби білімдерін практикада талдайды;

БОН 10 – Инновациялық технологияларды, функционалдық және заманауи материалдарды пайдалана отырып, көркемдік мақсаттар үшін объектілерді жобалайды

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - Бұйымдарды жасау кезінде теориялық және практикалық білімді қолданады;

ПОН 2 - Зерттеуде ғылыми әдістер мен тәсілдерді қолданады;

ПОН 3 - Көркем-графикалық қызмет саласында практикалық дағдылар жүйесін меңгерген;

ПОН 4 - Практикалық жұмыстарда ғылыми жобалау және шығармашылық көзқарас қабілеті.

Постреквизиттері: Қазақ ұлттық көркем қолөнер

Таңдау компоненті 10

Пән: Сәндік-қолданбалы өнер және кілем тоқу

Еңбек сыйымдылығы: 7 академиялық кредит

Модуль коды: **ТАР 308/2**

Модуль атауы: Көркемдеп өңдеу технологиясы

Пререквизиттері: Арнайы сурет және композиция

Мақсаты: сәндік-қолданбалы өнер мен кілем тоқу туралы негізгі білімді игеру, дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыру және дамыту, өнімді жобалау мен өндіруге шығармашылық көзқарас.

Қысқаша сипаттамасы: Курс кілем тоқу және сәндік өнердің білімі мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Сәндік өнер мен кілем тоқыманың қалыптасуы мен дамуының тарихы мен негізгі кезеңдері, сәндік өнердегі негізгі ұғымдар мен терминдер зерттеледі. Өңделетін материалдар бойынша түрлері, жіктелуі. Сәндік өнерді қабылдаудың эстетикалық мәні мен ерекшелігі.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 6 - Тоқыма материалдарының фурнитуралары мен қасиеттерін, талшықтардың құрамын, астар материалдарын, станоктық жабдық элементтері мен құралдарын жұмыс процесінде, қауіпсіздік ережелерін, сондай-ақ қоршаған ортаны сақтай отырып, тұрмыстық техника туралы практикалық білім мен дағдыларды игеріп пайдаланады.

БОН 9 – Кәсіпкерлік саласында тігін бұйымдары технологиясы, сәндік-қолданбалы өнер, компьютерлік графика және басқа да автоматтандырылған бағдарламалар дағдыларын меңгере отырып, кәсіби білімдерін практикада талдайды;

БОН 10 – Инновациялық технологияларды, функционалдық және заманауи материалдарды пайдалана отырып, көркемдік мақсаттар үшін объектілерді жобалайды;

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - Сәндік-қолданбалы өнердің мәнін біледі; халық өнерінің көркемдік жүйесінің ерекшелігі;

ПОН 2 - Сәндік композицияның негізгі композициялық схемалары мен заңдылықтары;

ПОН 3 - Сәндік қолданбалы өнер мен кілем тоқудың негізгі түрлерін зерттеу процесіндегі ою өнері;

ПОН 4 - Көркемөнер бұйымдарын жобалауға шығармашылық көзқарасты қолдану;

ПОН 5 - Әлемдік және халықтық мәдениет мұрасын, техникалары мен әдістерін, туған өлкенің пәндік мәдениетінің ерекшелігін шығармашылық игеру

ПОН 6 - Әр түрлі халықтар мен дәуірлердің, онымен байланысты ғылым салаларының әлемдік мәдениетінің негізгі жетістіктері ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін.

Постреквизиттері: Қазақ ұлттық көркем қолөнер

Таңдау компоненті 11

Пән: Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: FAME 303/1

Модуль атауы: Арт Менеджмент және кәсіпкерлік негіздері

Пререквизиттер: Қаржы негіздері және қаржылық сауаттылық

Мақсаты: студенттердің бойында нарықтық экономика жағдайында қажетті экономикалық мәдениетті, экономикалық ойлауды қалыптастыру.

Қысқаша сипаттамасы: Курсты зерттеу кәсіпкерлік қызметтің мәні мен ерекшеліктері туралы жүйелі түсінік қалыптастырады және кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың негіздерін, формалары мен әдістерін зерттейді. Оқу процесінде білім алушы алған білімдерін меншіктің кез-келген түріндегі кәсіпорындағы экономикалық қызметті оңтайландыру үшін пайдаланады. Басқару қызметінің заңдылықтары мен заңдылықтарын жіктейді. Тәуекел мен тиімділіктің ең жақсы үйлесімін қамтамасыз ететін оңтайлы экономикалық шешімді таңдауды негіздейді. Бизнес жобаларды әзірлейді, оларды бағалауды жүргізеді.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 9 - Кәсіпкерлік саласында тігін бұйымдары технологиясы, сәндік-қолданбалы өнер, компьютерлік графика және басқа да автоматтандырылған бағдарламалар дағдыларын меңгере отырып, кәсіби білімдерін практикада талдайды;

БОН 10 - Инновациялық технологияларды, функционалдық және заманауи материалдарды пайдалана отырып, көркемдік мақсаттар үшін объектілерді жобалайды;

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 – кәсіпкерлік қызмет түрлерін және кәсіпкерлік ортаны сипаттай алады;

ПОН 2 – экономикалық категориялармен практикалық қызметте жұмыс істейді;

ПОН 3 – қоғамда болып жатқан әлеуметтік маңызды проблемалар мен процестерді талдайды және болашақта олардың дамуын болжайды;

ПОН 4 – өз ісін ашу үшін құжаттар пакетін жасау;

ПОН 5 – бизнес-жоспар жасайды;

Постреквизиттері: Бизнесіні жоспарлау және маркетинг

Таңдау компоненті 12

Пән: Адам ресурстарын басқару

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: FAME 303/2

Модуль атауы: Арт Менеджмент және кәсіпкерлік негіздері

Пререквизиттері: Экономика және кәсіпкерлік негіздері

Мақсаты: студенттерге ұйымның адам ресурстарын басқарудың жалпы теориялық негіздері туралы түсінік қалыптастыру, адам ресурстарын басқарудың тиімділігін түсіну.

Қысқаша сипаттамасы: Бұл курс функционалдық бөлімшелер шеңберінде Адами ресурстармен жұмыс істеу жөніндегі міндеттерді шешуге; компанияның Персоналды басқару жөніндегі саясаты мен бағдарламаларын әзірлеуге қатысуға; компанияның адам ресурстарын басқару жөніндегі стратегиясын іске асыруға қатысуға үйретеді. Пәнді оқу барысында адам ресурстарын басқару, бейімделу, ынталандыру және персоналды бағалау мәселелері қарастырылады. Оқу процесінде студент жұмысқа орналасу туралы хабарландыру жасайды, үміткердің күшті жақтарын және оның алға жылжу перспективаларын анықтайды. Кадрлардың ауысу себептерін талдайды, түйіндеме дайындайды және жұмысқа

қабылдау туралы сауалнаманы толтырады; жұмысқа қабылдау кезінде тестілеу және әңгімелесу өткізеді, ұйым қызметкерлері мен бөлімшелерінің жұмысын бағалайды.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 9 – Кәсіпкерлік саласында тігін бұйымдары технологиясы, сәндік-қолданбалы өнер, компьютерлік графика және басқа да автоматтандырылған бағдарламалар дағдыларын меңгере отырып, кәсіби білімдерін практикада талдайды;

БОН 10 – Инновациялық технологияларды, функционалдық және заманауи материалдарды пайдалана отырып, көркемдік мақсаттар үшін объектілерді жобалайды;

Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):

ПОН 1 - Экономикалық білім негіздерін қызметтің әртүрлі салаларында пайдалана білу;

ПОН 2 - Әлеуметтік, этникалық, конфессиялық және мәдени ерекшеліктерді шыдамдылықпен қабылдай отырып, топта жұмыс істей білу;

ПОН 3 - Ұйымды дамытуға бағытталған жобаларды жүзеге асыруда сыртқы байланыстарды кеңейту және тәжірибе алмасу үшін қажетті ақпаратты жинау жүйелерін пайдалана отырып, іскер серіктестермен қарым-қатынасты ұйымдастыру және қолдау қабілеті.

ПОН 4 - Ұйымдық құрылымдарды жобалау, ұйымдар үшін адам ресурстарын басқару стратегияларын әзірлеуге қатысу,

ПОН 5- Іскерлік қарым-қатынас пен көпшілік алдында сөйлеу, келіссөздер жүргізу, кездесулер жүргізу, іскерлік хат алмасу және электронды байланыстарды жүргізу мүмкіндігі;

ПОН 6- Мотивацияның, көшбасшылықтың және биліктің негізгі теорияларын стратегиялық және операциялық басқару мәселелерін шешу үшін қолдану дағдыларын меңгеру.

Постреквизиттері: Бизнесі жоспарлау және маркетинг

3. БЕЙІНДЕУШІ ПӘНДЕР ЦИКЛІНІҢ ТАҢДАУ КОМПОНЕНТТЕРІ

Таңдау компоненті 1

Пән: А) Киім жобалаудағы ою-өрнек композиция және дизайн негіздері

Еңбек сыйымдылығы: 5 академиялық кредит

Модуль коды: **ST 304**

Модуль атауы: Тігін бұйымдарының технологиясы

Пререквизиттері: Киімді көркем құрастыру және модельдеу

Мақсаты: киімді жобалау кезінде ою-өрнек композициясының әдістері мен формаларын зерттеу, көркемдік үлгіні жасау, формаларды сәндеу.

Қысқаша сипаттамасы: Халық шығармашылығын зерттеу контекстінде ою-өрнек тарихы, ою-өрнек өнерінің қалыптасуы саласындағы білімді қалыптастыру, композициялық құрудың негізгі принциптері, стилизация тәсілдері, белсенді шығармашылық ортадағы шеберлік дағдылары. Дизайндың негізгі платформалары қарастырылады-жобалау, бұйымдарды сәндеу және қызмет нәтижесі, ою-өрнекті практикалық салу мен сәндеуге көп көңіл бөлінеді.

БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):

БОН 5 -. Әр түрлі материалдарды көркемдеп өңдеу кезінде киімнің негіздерін және технологиялық операцияларды жобалау, модельдеуде АКТ пайдалану кезінде дизайнерлік дағдыларды қолданады;

